




# БАНК ЖҮЙЕСІ

## БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ ЕКІ ДЕҢГЕЙЛІ ҚҰРЫЛЫМЫ

* **Банк жүйесі** - банк операцияларының бірыңғай ұлттық немесе халықаралық жүйесіне біріктірілген банкілердің жиынтығы, яғни бір-бірімен және сыртқы ортамен тығыз байланыстағы банкілердің жиынтығы.

- Нарық жағдайында банк жүйесі екі деңгейде болады:
- Орталық банк (эмиссиялық)
- коммерциялық банк (депозиттік)

KAZ KOM

kaspi bank
of KAZAKHSTAN

БТА БАНК

NURBANK
НУРБАНК

ЦЕСНАБАНК

ХАЛЫҚ БАНКІНІҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ
HALYK
ПЕНСИОННЫЙ ФОНД НАРОДНОГО БАНКА

HAMELEONS.COM

"Қазақстан Республикасындағы банкілер және банк қызметі туралы"
ҚР Заңына (1995) сәйкес Қазақстанда Банк жүйесі Орталық банкі болып табылады және Банк жүйесінің жоғары (бірінші) деңгейіне жатады, айналысқа ақша шығарады.

Міндеті — ұлттық валютаның — теңгенің тұрақтылығын қамтамасыз ету, коммерциялық банкілердің қызметін қадағалап, бақылау,ұлттық банкінің міндеттері, қызметі, қағидаты, құқықтық мәртебесі және өкілеттігін айқындау.

Екінші деңгейдегі банкілерге коммерциялық банкілер жатады.

Олардың міндеттері — клиенттерге (кәсіпорындарға, ұйымдарға, халыққа) түрлі қызметтер көрсету (несие беру, есеп айырысу, кассалық, валюталық, депозиттік, т. б. операциялар жасау).



Несиелік операциялар – бұл несие беруші мен қарыз алушының арасындағы біріншінің екіншісіне төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарында белгілі ақша қаражаттары сомасын ұсынуы бойынша қатынастар.



# мерзімі бойынша

- қысқа мерзімді(1жыл)
- орта мерзімді (1-5жыл)
- ұзақ мерзімді(5 жылдан жоғары)

* **Акция, облигация және басқада бағалы қағаздарын шығару арқылы капиталды таратуды көздейтін заңды тұлғалар эмитент деп аталады.**

# Эмитенттің кім болғанына байланысты бағалы қағаздар төмендегідей 3 түрге бөлінеді:

*мемлекеттік*

*муниципалды*

*корпоративтік*

***Мемлекеттік бағалы қағаздар*** – Қазақсатан Республикасының заң актілеріне мемлекеттік сыртқы және ішкі қарыздарын қайтару мақсатында шығарылған. Сонымен қатар бағалы қағаздардың бұл түрі Қазақстан Республикасының Ұлттық банк мемлекетімен эмитенттелінетін бағалы қағаз болып табылады. Үкімет өз атынан бағағалы қағаздардың бұл түрін шығара отырып, Республикалық бюджеттің тапшылығын қарастыру мен инфляцияны болдырмау жағын қарастырады

***Муниципалдық бағалы қағаздар*** **-** жергілікті бюджеттен эмиссияланатын жергілікті атқарушы органдар шешімімен шығарылады. Бағалы қағаздардың бұл түрін  шығарудағы басты мақсат – құрылыс, яғни ауыруханалар салу үшін, бала бақшалар мен мектептер, тұрғын үйлер, жолдардың жағдайын жақсарту және тағы басқадай аймақтың әлеуметтік мәселелерін шешу болып табылады.

***Корпоративтік бағалы қағаздар*** – кәсіпорындар мен ұйымдардың заң күшіне сүйене отырып, өзінің жарғылық капиталын қалыптастыруға немесе шаруашылық қызметін жүзеге асыру үшін шығарылатын бағалы қағаздар. Бағалы қағаздардың бұл түрін көп жағдайларда акционерлік қоғамдар шығарып және олар эмитент болып табылады.

Атқаратын қызметіне және рөліне байланысты бағалы қағаздар мынадай үш топқа бөлінеді:

*1.негізгі (акция, облигация);*

*2.көмекші (чектер, вексельдер, депозиттік сертификаттар;*

*3.туынды (варранттар, опциондар,  фьючерстер, бондар тағы да басқалар)*

## ***Акция***

-кәсіпорындар мен ұйымдардың қандайда бір акционерлік қоғамды дамыту үшін  қаржы салғандығын куәландыратын және иесіне акционерлік қоғамның пайдасының бір бөлігін дивидент түрінде (табыс ретінде) алуға құқылы екенін дәлелдейтін бағалы қағаз болып табылады.




# ***Облигация***

-иесінің ақша салғандығын куәландыратын және оған көрсетілген мерзім ішінде осы бағалы қағаздың атауы (номиналды) құнына белгіленген пайызды төлей отырып, өтеу міндеттемесін мақұлдайтын бағалы қағаз болып табылады.

**Вексель**(нем. *wechsel* – айырбас) – жазбаша түрде толтырылған ұзақ мерзімді борыш міндеттемесі.
Жай және аударма вексель түрлері болады. Вексель беруші несие иесіне (вексель ұстаушыға) беретін, заң жүзінде нақты формада белгіленген жазба түріндегі борышқор қолхаты.

Құнды қағаз; кредитке берілетін ақшаның бір түрі. Оның иесінің (вексель ұстаушының) белгілі бір уақыт мерзім өткенде, вексельді берушіден ақша талап етуге даусыз құқық беруді куәландыратын жазбаша қарыз міндеттемесі


ЖАЙ ВЕКСЕЛЬ
ПРОСТОЙ ВЕКСЕЛЬ

Серия

№ 0000000

Жасалған күні:
Дата составления
« » 200 ж.л.

Жасалған жері:
Место составления

Вексель беруші:
Векселедатель:

осы жай вексель бойынша
мөлшерінде төлем жасауға сөзсіз міндеттенеді
безусловно обязуется заплатить по этому простому векселю денежную сумму в размере

Вексель мөлшеріне « » 200 ж.л. « » 200 ж.л. дейін жылдық % есептеледі
На вексельную сумму начисляются проценты из расчета % годовых с « » по « »

Төлем мерзімі:
Срок платежа:

Төлем жасалатын жер:
Место платежа:

Бірінші басшы:
Первый руководитель:

М.О.
М.П.

Бас бухгалтер:
Главный бухгалтер:

ОБРАЗЕЦ

Аваль үшін / Для аваля
Кім үшін берілді:
За кого выдан:
Авалист:
Күні:
Дата
Қолы:
Подпись